

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрі
Ол қуанғаннан екі қолын шапалақтап, роботына қарай жүгірді.
А) шартты
В) мезгіл
С) қимыл-сын
D) мақсат
2. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлем
А) Кейбір бағалы түрлерінің азайып кеткені рас екен.
В) Сәл үлкейген соң барлығын теңіздерге жібереді.
С) Олардың жерінде аулауға қатаң тыйым салынған.
D) Осы кәсіпорында уылдырықтардан шабақ өсіреді.
3. Сілтеу есімдіктерінің қатары
А) олар, сол
В) сендер, біз
С) әне, мынау
D) мен, сіздер
4. Шекті демеулік шылау қатысқан сөйлем
А) Жиналысқа ол ғана бара ма?
В) Саясаткер туралы білесің ғой?
С) Шамасы әкесіне айтқан-мыс.
D) Қарағым-ай, енді қалай төзесің?
5. Ортақ етіс жұрнағы
А) -ыс, -іс, -с
В) -ын, -ін, -н
С) -ыл, -іл, -л
D) -дыр, -тыр, -р
6. Су – өте құнды табиғи ресурс.
Сөйлемдегі үстеу түрі
А) Мекен үстеуі
В) Күшейтпелі үстеу
С) Сын-қимыл үстеуі
D) Себеп-салдар үстеуі
7. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
А) Жан-жағына жылдам бұрылып, кілт тоқтады.
В) Олардың жұмыс істеуіне, қимылдауына көмектесті.
С) Халық көп болғандықтан, жиналысты шегерді.
D) Қуанғаннан қолын шапалақтап, тұра жөнелді.

8. Күрделі мезгіл үстеу
- A) баяғыда
 - B) қазір
 - C) ертең
 - D) биыл
9. Күшейтпелі үстеулер берілген нұсқа
- A) тым, және
 - B) кілең, туралы
 - C) ең, түгіл
 - D) өте, тіпті
10. Көп нүктенің орнына қажетті еліктеу сөзді қойыңыз
... басқан маң басқан, шүйделерін шаң басқан
- A) балпаң-балпаң
 - B) ирелең-ирелең
 - C) маң-маң
 - D) тарбаң-тарбаң
11. Күшейткіш үстеу қатыспаған қатар
- A) Су – аса құнды табиғи ресурс.
 - B) Әсіресе ауызсу мәселесі өте маңызды.
 - C) Елдің экономикасы суға тәуелді.
 - D) Жазда көп жерлер тіпті құрғап қалады.
12. Бейнелеуіш сөздер
- A) қисаң-қисаң
 - B) сарт-сұрт
 - C) шиқ-шиқ
 - D) тық-тық
13. Нақ осы шақ етістігімен жасалған сөйлем
- A) Күнбағыс тек қолайлы ортада ғана өседі.
 - B) Оның достары аяғы талғанша биледі.
 - C) Ауыл оқушылары жарысқа бара жатыр.
 - D) Еркін сенер-сенбесін білмей отырды.
14. Келер шақта тұрған сөйлем
- A) Ертең ауылға барамын.
 - B) Олар үйірмелеріне кетті.
 - C) Күн ерекше жылып тұр.
 - D) Досым бірінші орын алды
15. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас
- A) Қонақтар көп отырмай, сыртқа шыққан еді.
 - B) Бөлме бос қалғандай, анасының жанына отыра кетті.
 - C) Үйде отырғысы келмей, досымен көшеге кетті.
 - D) Тапсырманы орындап, жақсы нәтиже көрсетті.

16. Көптік жалғауы жалғанбайтын көптік мәнді есім
- A) құлақ
 - B) перне
 - C) көлік
 - D) үстел
17. Реттік сан есім қатысқан сөйлем
- A) Оннан бір бөлігі бүгінгі жиналысқа қатыспай, үйлеріне тарасты.
 - B) Қарағандыдағы ауылда бір техника түгіл, нан мен су да жетпейді.
 - C) Еламаннар араға үш қонып, түсте Ақтөбеге әрең жеткен екен.
 - D) Он сегізінші жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты.
18. Еліктеуіш сөз қатысқан сөйлем қатары
- A) Жол ортасындағы ескі арба қисаң-қисаң етіп, зорға келеді.
 - B) Ол шыққанда есік тарс етіп, бір сәт тыныштық орнады.
 - C) Артына бір жалт қарап, бұрылмастан алысқа ұзай берді.
 - D) Жел соққаны сол еді, жарық жалп етіп сөнді де қалды.
19. Оңаша тәуелдеулі сөз қатысқан сөйлем.
- A) Қазіргі таңда жас мамандардың мақсаты – табысқа жету.
 - B) Сіздің бизнес саласындағы өкіліңіз мектепке компьютер тарту етті.
 - C) Биыл отандық кәсіпкерлердің жиырма бесі марапатталды.
 - D) Айтулы кәсіпорындардың отандық тауарлары брендке айналууда.
20. Баяндауышы етістіктің шартты райынан болған мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
- A) Күн жиектен көтерілсе, айналадағылар жайнап сала береді.
 - B) Екеуі үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тарамаған еді.
 - C) Ақпан төңкерісі аяқталған кезде, «Алашорда» партиясы құрылды.
 - D) Жолаушылар көлікке отырғаннан кейін, пойыз қозғала бастады.

***Инструкция:** Вам предлагаются тестовые задания на основе контекста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Внимательно прочитайте контекст и выполните задания.*

Біздің өміріміздегі ең қымбат нәрсе – ол уақыт. Адам белгілі бір уақытта жаратылды, уақытша жаратылды. Уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Уақытты қалаған кезімізде ұзартып, қалаған кезімізде қысқарта алмаймыз. Уақыттың адамға бағынбайтын өз заңдылығы бар. Қазақта уақытқа қатысты "қас қағым сәт", "көзді ашып-жұмғанша", "қамшының сабындай қысқа ғұмыр" тәрізді сөз тіркестері бағзы заманнан қалыптасқан. «Уақыт – емші», «уақыт – төреші» деген де бар. Осылайша, ата-бабамыз уақыттың бағасын жете түсініп, оның қадір-қасиетін ұрпақтарына жеткізуді қалаған.

Уақытты тиімді пайдаланудың тағы бір жолы – уақытыңызды босқа алатын теледидар көру, әлеуметтік желілерде отыру, телефон арқылы ұзақ сөйлесу т.с.с. нәрселерден бас тарту. Сонымен қатар әр күні ойға алған істеріңіздің тізімін жасап отырсаңыз, мұндай жоспарланған әрекеттер көбіне оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл жерде ескеретін жайт – уақыттық жоспарыңыз сіздің күшіңіз бен мүмкіндіктеріңізге сай болуы керек. Әрі, атқарылатын істерді күрделілігі мен қарапайымдылығына орай саралай білген жөн.

Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында уақытты тиімді пайдаланудың бір тәсілі ретінде компьютерге немесе ұялы телефонға күндер есебі виджетін орнату ұсынылып жүр. Бұл бағдарламада адам өзінің туған күнінен бастап, қазіргі күніне дейін және өзі қандай да бір мақсатына қол жеткізуді межелеген күнді белгілейді. Сонда уақытының әр секунды сәт сайын көз алдында зырлап өтіп жатқанын көрген соң адам ойға алған істерін кейінге шегеру әдетінен арылып, оны бірден қолға алып, мақсатына жетуге тырысады екен.

21. Қазіргі заманда уақытты тиімді пайдаланудың бір жолы

- A) әлеуметтік желілерде отыру
- B) телефон арқылы ұзақ сөйлесу
- C) компьютерлік ойындарды ойнау
- D) күндер есебі виджетін орнату

22. Мәтін мазмұнына сәйкес тақырып

- A) Технологиялар заманы
- B) Уақытты тиімді пайдалану
- C) Уақытты босқа өткізу
- D) Ерте замандағы тіршілік

23. Мәтіннің жанры

- A) эссе
- B) мақала
- C) тезис
- D) үндеу

24. Мәтін авторы көтерген әлеуметтік мәселе

- A) телефонға тәуелділік
- B) әлеуметтік желі әсері
- C) уақыттың бағаланбауы
- D) тәуліктің қысқаруы

25. Мәтіннің негізгі идеясынан туындайтын көзқарас

- A) Уақытты бағалау – мақсатқа қол жеткізудің нақты жолы.
- B) Ақпараттық технологиялар уақытқа өз әсерін беруде.
- C) Ай гравитациясының әсерінен жылдар қысқаруда.
- D) Бабаларымыз мұра етіп қалдырған уақыт өлшемі.

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

26. Салыстырмалы шырайлы сөз тіркес(-тер)і
- A) қызғылт көйлек
 - B) тым суық күн
 - C) өте жақсы баға
 - D) жап-жасыл жапырақ
 - E) қып-қызыл алма
 - F) биіктеу бөлме
27. Қыстырма сөз қатысқан сөйлемдер қатары
- A) Кә-кә, Құтжол,тамағыңды іш!
 - B) Меніңше, дұрыс шешім осы болды
 - C) Бір жағынан,әкесінің қарсылығы әсер етті
 - D) Бағымызға қарай,ауа райы жақсы болды.
 - E) Қош келдің,Наурыз!
 - F) Әже, келесің бе?
28. Еліктеуіш сөзді сөз тіркес(-тер)і
- A) Сарт-сұрт етті
 - B) Қисалаңдап келеді
 - C) Тарс-тұрс етті
 - D) Морт сынды
 - E) Жалт-жұлт етеді
 - F) Шиқ-шиқ етеді
29. Тәуелдік жалғаудың бірінші жағында тұрған сөз(-дер)
- A) кәсібің
 - B) қаламы
 - C) бөлмесі
 - D) үйіңіз
 - E) ауылым
 - F) сыныбым
30. Жалпылау есімдіктері берілген қатар(-лар)
- A) күллі
 - B) әркім
 - C) барлық
 - D) өздері
 - E) түгел
 - F) менің

31. *Екінші жақта* ортақ тәуелденген зат есім(-дер) қатары
- A) күніміз, гүлің
 - B) достарың, ағаң
 - C) бөлмелерің, әніміз
 - D) үйлерің, киімдерің
 - E) көлі, кәсіптерің
 - F) добым, қаласы
32. Ауыспалы осы шақта тұрған етістік(-тер)
- A) Біздің аулада алуан түрлі өсімдік өседі.
 - B) Биыл қорық ішіндегі жануарлар саны өсті.
 - C) Көк аспанда қыран бейнесі анық көрінді.
 - D) Тік жартастардан сарқырама суы ағады.
 - E) Дала құстары жылы жаққа ұшып кетті.
 - F) Тау шыңында таутекелер жайылады.
33. Берілген сөйлемдегі есімдіктің түр(-лер)і
- Көшпелі өмір салты ол халықты табиғатқа жақын болуға, табиғатты қадірлеуге, сол табиғаттың сырын тануға мүдделі етті.*
- A) өздік
 - B) сілтеу
 - C) жалпылау
 - D) топтау
 - E) жіктеу
 - F) сұрау
34. Бөлшектік сан есім қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Шамамен он шақты жануар түрлерін қамтып, есепке қосқан екен.
 - B) Бие сүтінің құрғақ түрі екіден үш өсіп, отыз тоннаға жеткізілді.
 - C) Қырыққа жуық елді аралап, тұрмыс-тіршіліктерімен танысыпты.
 - D) Лашығын өзен бойына қалдырып, екінші рет қайта оралып отыр.
 - E) Шикізат өндірісін үш есеге арттыруды көздеп отырған сияқты.
 - F) Ауылды жерде тұрғанымызға жиырма төрт жыл уақыт өткен екен.
35. Одағай сөз қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Ойпырмай, ақылды көрінесің.
 - B) Айып етпеңіз, сұрастырып көрейін.
 - C) Адамға қараңызшы, қандай құдіретті!
 - D) Сөйте тұрып, өзінді кемшілікке салдың.
 - E) Ісіне нық, жинақты, еріншектікті білмеді.
 - F) Па, шіркін, не деген керемет көрініс!